

"Әлемсистем" қаржы-инвестициялық компаниясының берешектерін өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 19 ақпандағы N 210

"1996 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2700 U952700_ Жарлығымен көзделген халықаралық қаржы институттарынан займдарды дер кезінде алуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бір апта мерзім ішінде "Әлемсистем" қаржы-инвестициялық компаниясы мен "ДЭУ Моторс" корей компаниясының бірлескен жобасы бойынша мемлекеттік кепілдік берудің құқықтылығы туралы қорытынды ұсынсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Alem Bank Kazakhstan Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қорытындысы бойынша "Әлемсистем" қаржы-инвестициялық компаниясының "ДЭУ Моторс" корей компаниясы алдындағы мерзімі өткен берешек мәселелерін реттеу жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Alem Bank Kazakhstan (Е.О. Баймұратов) 1996 жылдың 1 сәуіріне дейін бюджет қаражатын қалпына келтіруді, оның ішінде "Әлемсистем" қаржы-инвестициялық компаниясының мүліктерін сату есебінен, қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі (К.А. Колпаков)

және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (А.С. Павлов) осы жоба бойынша шешім қабылдаған басқа тараптағы тұлғаның іс-әрекетінің заңсыздығын айқындау мақсатында Alem Bank Kazakhstan кепілдігімен "Әлемсистем" қаржы-инвестициялық компаниясына кредит бөлу туралы іс бойынша материалдарды тергеу органдарына берсін.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Н.А. Шәйкеновке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК